



ЖАҢАЛЫҚТАР
ШЫҒЫ

ВЕРШИНА
НОВОСТЕЙ

№26 (49625) Жұма, 21 маусым, 2024 жыл

Пятница, 21 июня, 2024 года

Аудандық қоғамдық-саяси,
әлеуметтік-экономикалық газет

Районная общественно-политическая,
социально-экономическая газета

АНТҚА АДАЛ БОЛУ

23 МАУСЫМ ИЮНЬ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ КҮНІМЕН! С ДНЕМ ГОСУДАРСТВЕННОГО СЛУЖАЩЕГО!



«Елімізге білімді, еңбекқор, білікті, тәртіпті, әділ және өз ісіне жауапты мамандар қажет. Мемлекеттік қызметшілер халықтың әл-ауқатын арттыру үшін табанды еңбек етуі керек».

«Мемлекеттік қызметшінің сапасы – бүкіл еліміздің сапасы деп айтуға болады. Мемлекеттік қызмет бұл – жоғары лауазымға ие болу емес. Мәселе – мансап емес. Мәселе – мемлекетімізге, халқымызға адал қызмет ету. Мемлекеттік қызметші болу антқа адал болу деген сөз».

Құрметті мемлекеттік қызметшілер және сала ардагерлері! Сіздерді «23 маусым – Мемлекеттік қызметшілер күні» мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекет пен қоғамға қызмет ету – әрбір азамат үшін абыройлы іс. Еліміздің гүлденуі мен экономикамыздың дамуы жолында мемлекеттік қызметшінің қосар үлесі ерекше. Дамыған мемлекет тек қана тиімді және кәсіби мемлекеттік қызмет негізінде құрылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет жүйесі ұзақ

қалыптасу жолынан өтті. Бүгінде мемлекеттік қызметшілерге заманауи, сапалы қызмет көрсету міндеті қойылып отыр. Өйткені, халықтың билікке деген сенімі қазіргі қоғамның талаптарына сай мемлекеттік қызметшіден басталады. Осыған байланысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Жолдауында қазіргі заманға сай мемлекеттік басқарудың жаңа үлгісін қалыптастыру керектігін атап көрсетті. Нәтижесінде,

мемлекеттік қызметте жаңа кадрлардың, яғни кәсіби білікті, озық ойлы және бастамашыл қызметкерлердің елге қызмет етуде құлшынысы артып, жауапкершілігі нығая түседі.

Талғар ауданында жалпы 191 мемлекеттік қызметші халыққа қызмет етеді. Ауданда мемлекеттік қызметтің сапасын арттыру, мемлекеттік қызметшінің беделін көтеру бағытында көптеген жұмыстар атқарылуда. Ел үшін қызмет ету, оның

ішінде ауданның дамуына үлес қосу – мерейлі міндет, зор абырой.

Айдынды өлкеміздің өркендеуіне ерен еңбек сіңіріп жүрген ауданымыздағы барлық мемлекеттік қызметшілерге зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыларына бақ-береке тілеймін!

Еліміздің жарқын болашағы жолында атқарып жатқан жұмыстарыңыз жемісті болсын! Мереке құтты болсын!

Т.Айдарбеков
Талғар ауданының әкімі

ҚҰРМЕТТІ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЖӘНЕ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНЫНЫҢ АРДАГЕРЛЕРІ!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Қазақстан полициясы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақстан полициясының тарихы 1992 жылғы 23 маусымнан басталады. Полицияның қоғамдық тәртіпті сақтау, азаматтар қауіпсіздігі мен құқығын қорғаудағы еңбегі ерекше.

Мемлекетіміздің тыныштығы мен халқымыздың бейбіт өмірі, амандығы – бәрінен қымбат. Сондықтан мемлекеттік биліктің қоғамдағы құқықтық тәртібін, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды құрылымдардың бірі – Ішкі істер органдарының алар орны ерекше. Тәртіп сақшыларының кәсіби қызметі – зор жауапкершілігімен, тәуекелшілдігімен, қиындыққа төтеп беретін төзімділігімен ерекше құнды. Полиция қызметкерлері



антына адалдық танытып, ел тыныштығын қорғауда мүлтіксіз қызмет етеді деп сенемін.

Ауданның ішкі істер саласының қызметкерлері өздеріне жүктелген жауапкершілік пен міндеттерді абыроймен атқарып келеді.

Сіздерге мықты денсаулық, отбастарыңызға амандық тілеймін. Өз қызметтік міндетіне асқан жауапкершілікпен қарап, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге, құқық бұзушылықтың алдын алып, мемлекет тыныштығының сақталуына тынбай үлес қосып жүрген ел қорғандарының қатары көбейе берсін!

Тәртіп пен заңдылықты сақтау жолындағы еңбектеріңіз жемісті болсын!

Т.Айдарбеков
Талғар ауданының әкімі